

ҒАЛЫМНЫҢ ҒАСЫРЛЫҚ ТОЙЫ

2006 жылы Кәрім Мыңбаевтың 100 жылдығы республика көлемінде аталып өтті. Мерейтой қарсаңында ауыл шаруашылығы және биология ғылымдары саласының ғалымдары, журналистер, зерттеушілер баспасөзде К.Мыңбаев туралы көптеген мақалалар жариялады. Ал Қарағанды облысы Нұра ауданындағы жерлестері мерейтойлық салтанатты ұйымдастырды. Қазақтың тұңғыш биология ғылымдарының докторы, академик Кәрім Мыңбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай ғалымның кіндік қаны тамған Нұра ауданының орталығы Нұра (Киевка) кентінде және Кәрім Мыңбаев (Ивановка) ауылында 2006 жылы 16-17 қыркүйекте мерекелік шаралар өткізілді.

Сол күндері Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» қоғамдық-саяси газеті осы мерейтойға арналған бас мақалада: «Биыл туғанына 100 жыл толып отырған биология ғылымдарының докторы, Қазақ Ғылым академиясының алғашқы корреспондент мүшесі Кәрім Мыңбаев-қай марапаттың да тақиясына тар келмейтін тұлға. Десек те, өркениет есігін қағып отырған қазіргі қазақ жұртының асқақ арманындай алдын ораған озық ойлы Кәрімді аңыздан ақиқатқа жақындата танысақ, ол бүгінгі заманауи көкейкесті мәселелермен де құрдас болып шығар еді. Қазақстанның стратегиялық дамуының бірден-бір факторы-ауыл шаруашылығы ғылымын өркендету, биоресурстарды зерттеу тетігіне бас тіреп отырғанда, Кәрім ғалым ретінде қайта туғандай. Кәрім Мыңбаев замандастары Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан сияқты әр ғылым саласына алғаш түрен салған «алып адымдылар» қатарынан орын алды», -деп әділ бағасын берді.

Ғалымның мерейтойын аудан көлемінде атап өтуге сол кездегі Қарағанды облысы Нұра ауданының әкімі Дауылбай Мейрамұлы Құсайынов көп еңбек сіңірді. Ол бір жағынан осы ауданның тумасы, жасынан жерлес ғалымның өмірдерегін жақсы біліп құрметтеп өскен, кеңестік кезеңде аудандық Ауылшаруашылық басқармасының бастығы, Нұра аудандық партия комитетінің хатшысы болып еңбек еткен азамат болатын.

Кәрім Мыңбаев ауылының сол кездегі әкімі Жанат Қаятұлы да ауылдағы мектепте ғалымның мұражайының ашылуына көп септігін тигізді.

Ауылдастары үшін жерлес ғалымның мұрасын жинауда Кәрім Мыңбаев ауылындағы кітапхананың меңгерушісі Шақабаева Сайран Камалиденқызы көп еңбек сіңірді. Мектеп ұжымы ғалымның мерейтойын өткізу ісіне елеулі үлесін қосты.

В 2006 году отметили в общенациональном масштабе 100-летие Карима Мынбаева, доктора биологических наук, крупного ученого, организатора сельскохозяйственной науки. В преддверие юбилея ученые, журналисты опубликовали в прессе множество статей о Кариме Мынбаеве. В честь 100-летия со дня рождения первого казахского доктора биологических наук, академика Карима Мынбаева 16-17 сентября в центре Нуринаского района в поселке Нура (Киевка) и селе Карим Мынбаев (Ивановка) были проведены праздничные мероприятия.

На страницах карагандинской областной общественно-политической газеты «Орталық Қазақстан» вышла передовица, приуроченная к юбилею. «Доктор биологических наук, первый член-корреспондент Казахской академии наук Карим Мынбаев, которому в этом году исполнилось 100 лет, – человек, достойный любых

наград и почестей. Карим Мынбаев занял достойное место в ряду своих современников, выдающихся первопроходцев казахской науки Мухтар Ауэзова, Каныш Сатпаева, Алкей Маргулана», – такая справедливая оценка заслуг Мынбаева была в этой статье.

Большую лепту в празднование юбилея ученого внес аким Нуринаского района Дауылбай Мейрамович Кусаинов. С одной стороны, он был уроженцем этих мест, с детства хорошо был знаком с биографией ученого-земляка, чтит его память. С другой стороны, в советское время работал начальником районного управления сельского хозяйства, был секретарем Нуринаского райкома партии. Тогдашний аким села Карим Мынбаев Жанат Каятович также способствовал открытию музея ученого в местной школе.

В библиотеках поселка Нура и села Карим Мынбаев организованы специальные книжные выставки. Большую работу по систематизации наследия ученого-земляка провела заведующая библиотекой села Карим Мынбаев Шакабаева Сайран Камалиденовна. Значительный вклад в проведение юбилея ученого внес коллектив школы.



Қарағанды облысы Нұра ауданы Кәрім Мыңбаев ауылының кітапхана меңгерушісі Шақабаева Сайран Камалиденқызы

**Заведующая библиотекой села КаримМынбаевНуринаского района
Карагандинской области ШакабаеваСайранКамалиденовна**

Кәрім Мыңбаев ауылының кітапхана меңгерушісі, кітапханашылардың республикалық конкурсының бас жүлдегері Сайран Камалиденқызы Шақабаева Кәрім Мыңбаев туралы 10-15 жылда мерзімдік басылымдарда жарық көрген материалдарды жинақтап, соның негізінде арнайы журнал шығаруға ұйытқы болды. Осы ауылдың әкімі бас болып, мектеп ұжымы қолдап, ауылдың үлкен-кішісі, орысы-қазағы бір

адамдай жұмылып ғалымның мерейтойына арналған іс-шараларды жұмыла көтеріп өткізді. Сол оқиғаға кітап авторының бірі Жабай Қалиев те куә болған еді.

Нұра кентіндегі аудандық Мәдениет үйінде осы мерейтойға арналған аудандық Музыка балалар мектебі мен «Балдәурен» би-ансамблінің есептік концерті ұйымдастырылды.

Нұралық қарт ақын Махмет Темірұлы Кәрім Мыңбаевқа «Аққан жұлдыз» атты жырын арнап шығарған еді.

Аудандық оқу бөлімінің бастамасымен аудан мектептерінде жыл бойы «Мыңбаев дәрістері» атты арнайы сабақтар өткізілді. Оқу бөлімі Кәрім Мыңбаевтың өмірі мен шығармашылығына арналған аудандағы биология пәндері мұғалімдері үшін семинар-кеңес ұйымдастырды. Ол ғалымның туған жері және өзінің атымен аталатын орта мектептің негізінде Кәрім Мыңбаев ауылында өткізілді. Осы мектептің оқушылары атақты жерлестеріне арналған өлеңдерін оқыды. Сол кезде 10-сыныпта оқитын Мақпал Жұматаева «Қазақтың тұңғыш биология ғылымының докторы» деген ғылыми жобасын мектеп ұстаздары алдында сәтті қорғап шықты.

Сайран Камалиденовна собрала материалы о Карим Мынбаеве, опубликованные в периодических изданиях за 10-15 лет, на основе которых издавался специальный журнал. При поддержке акима, коллектива местной школы все жители села приняли деятельное участие в проведении юбилейных мероприятий.

В Доме культуры Нуринского района также состоялся приуроченный к юбилею концерт Детской музыкальной школы и танцевального ансамбля «Балдаурен».

Махмет Темирович, местный поэт посвятил Кариму Мынбаеву проникновенное стихотворение на казахском языке «Промелькнувший метеор» («Аққан жұлдыз»).

По инициативе отдела образования в течение года в школах района проводились специальные уроки – «Лекции Мынбаева». В селе Карим Мынбаев, где родился ученый, в средней школе, носящей его имя, проведен семинар-совещание для учителей биологии района, посвященный жизни и творчеству ученого. Учащиеся читали стихи, посвященные знаменитому земляку. Десятиклассница Макпал Жуматаева перед учителями школы успешно защитила научный проект «Первый казахский доктор биологических наук».

Той күндері елімізге танымал ақын Серік Ақсұңқарұлы Кәрім Мыңбаев рухына арнаған толғауында: «Қазақтың біртуар ұлы марқұм Ғабдолла Құлқыбаев ағам айтушы еді: «Адамзат өркениеті қашанда қос өзеннің жағасынан қанаттанған. Еуропада-Дунай мен Днепр бар, Америкада-Миссисипи мен Миссури. Қытайда-Янцзы мен Хуанхэ. Қазір сол өзендердің жағасында қандай ғажайып мемлекеттер шаңырақ көтеріп отыр! Алла әр елдің маңдайына бір-ақ қос өзен бұйыртса, Алашқа қаншасын сыйға тартқан: Сырдария мен Әмудария, Еділ мен Жайық, Есіл мен Нұра...».

Кәрім ағаның 100 жылдығына барғанымда, менің есіме осы сөз түсті. Сол Есіл-Нұрада туған қазақтың біртуар ұлы, адамзатты аузына қаратқан *Кәрім аға Мыңбаев* кешелі-бүгін 100-ге толып, ертең *Мәңгілікке* бет алғалы тұр. Өзімен бірге бізді де, *Қазақ халқын* да мәңгілікке жетектеп барады!».

Ал Нұралық ақын Т.Дәрібаев:

Жастай кеткен өмірден,

Өкінішпен ағамыз.

Аты шыққан әлемге,

Кәрімдей ұлы данамыз...-деп жырлады

Мереке салтанаты аудандық Ауылшаруашылығы бөлімі ғимараты алдындағы алаңқайда ғалымның қоладан құйылған кеуде мүсінін ашу рәсімінен басталды. Бұл мәртебелі міндетті атқару Қазақстан Республикасының сол кездегі Мемлекеттік хатшысы Оралбай Әбдікәрімов пен Қарағанды облысының сол кездегі әкімі Нұрлан Нығматуллинге жүктелді. Нұра өңіріндегі тойға республикалық деңгейдегі мемлекет және қоғам қайраткерлері қатысты.

В дни празднования юбилея известный в Казахстане поэт Серик Аксункарулы в своей памятной речи в честь Карима Мынбаева произнес: «Великий сын казахского народа Габдулла Кулқыбаев говорил: человеческая цивилизация всегда базировалась в двуречьях. В Европе есть Дунай и Днепр, в Америке – Миссисипи и Миссури, в Китае – Янцзы и Хуанхэ. Какие чудесные государства сейчас стоят на берегах этих рек! Аллах дал каждому народу по одному двуречью. А сколько он подарил потомкам Алаша: Сырдарью и Амударью, Волгу и Урал, Есиль и Нуру...».

Когда я шел сюда, мне вспомнились эти слова. Ведь родившийся в том самом двуречье Есиля и Нуры выдающийся сын казахского народа Карим Мынбаев, вчера ли, сегодня ли перешагнув столетие, завтра уйдет в вечность. Вместе с собой в эту вечность он ведет нас и весь казахский народ».

Нуринский поэт Т.Дарибаев посвятил строки, которые в переводе с казахского звучат так:

Он ушел молодой,

С сожалением.

Известный в мире,

Имя его Карим

В рамках юбилейных торжеств на площади перед зданием отдела сельского хозяйства Нуринского района при участии Государственного секретаря Оралбая Абдыкаримова и акима Карагандинской области Нурлана Нигматулина состоялась церемония открытия памятника Кариму Мынбаеву, представляющего собой бюст, отлитый из бронзы. В мероприятии также приняли участие государственные и общественные деятели республиканского уровня.



**Қарағанды облысы Нұра ауданының орталығы
Нұра кентінде Кәрім Мыңбаевқа арналған ескерткіш**

**Памятник КаримуМынбаеву в поселке Нура,
административном центреНуринаского района Карагандинской области**

Салтанатты жиында ғалымның пікірлесі, елімізге еңбегі сіңген мәдениет қайраткері Дариға Тінәлина, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ғылым департаментінің директоры Ақылбек Күрішбаев, Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттары, академик Кенжеғали Сағадиев, Светлана Жалмағанбетова, «Ауыл» партиясының төрағасы, Ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының президенті Ғани Қалиев ғалымның еңбегі туралы жүрекжарды сөздерін арнады.

В ходе церемонии теплые слова об ученом сказали Дарига Тиналина, директор Департамента науки Министерства сельского хозяйства РК Акылбек Куришбаев, депутаты Парламента РК академик Кенжегали Сагадиев и Светлана Жалмаганбетова, председатель партии «Ауыл», президент Академии сельскохозяйственных наук Гани Калиев.



Кәрім Мыңбаевтың 100 жылдық мерейтойына жиналған ғалымдар мен журналистер

Журналисты и ученые, собравшиеся на 100-летний юбилей Карима Мынбаева



**Қарағанды облысы Нұра ауданының орталығы
Киевка кентіндегі Кәрім Мыңбаев атындағы көше**

**Улица имени Карима Мынбаева в поселке Киевка –
центре Нуринского района Карагандинской области**



**Қарағанды облысы Нұра ауданының Кәрім Мыңбаев ауылындағы
Кәрім Мыңбаев мектебінің мұражайында.
Үстелде Кәрім дүниеге келген ауылдың макеті**

**В музее школы Карима Мынбаева, в селе Карим Мынбаев Нуринаского района
Карагандинской области. На столе макет родного села Карима**



**Қарағанды облысы Нұра ауданы К.Мыңбаев ауылының кітапхана меңгерушісі
С.К. Шақабая, К.Мыңбаев орта мектебінің Тәрбие ісі жөніндегі меңгерушісі және Музей
меңгерушісі Ә.Б. Исаинова және К.Мыңбаев орта мектебі тарих пәнінің мұғалімі
Р.Р. Ханнановпен бірге**

С заведующей библиотекой села Мынбаев Нуринаского района Карагандинской области Шакабаевой С. К., заведующей по воспитательной работе средней школы К.Мынбаева, заведующей музеем Исаиновой А. Б., учителем истории средней школы К.Мынбаева Ханнановым Р.Р.



Қарағанды облысы Нұра ауданы Киевка кентіндегі аудандық орталық кітапхананың директоры Л.А. Кумпаньмен бірге

В поселке Киевка Нуринаского района Карагандинской области вместе с директором Центральной районной библиотеки Л.А. Кумпань



**Қарағанды облысы Нұра ауданы Киевка кентіндегі
аудандық орталық кітапхана ұжымымен бірге**

**В поселке Киевка Нуринского района Карагандинской области
совместно с коллективом Центральной районной библиотеки**



Кәрім Мыңбаев атындағы орта мектепте салтанатты іс-шара

Торжественное мероприятие в средней школе имени Карим Мынбаева



Ғалым Кәрім Мыңбаевты еске алуға арналған салтанатты шара

Торжественное мероприятие, посвященное памяти ученого Карима Мынбаева



Ғалым Кәрім Мыңбаевтың мерейтойына арналған конференция

Конференция посвященная юбилею ученого Карим Мынбаева